

5 дәріс. Махмұд Қашқари дүниетанымы

Дәрістің мақсаты: Бүкіл түркі халықтарына ортақ ойшыл Махмұд Қашқари және оның еңбектеріндегі ұғымдарға талдау жүргізу. «Түркі тілдерінің жинағы» атты еңбегіндегі кездесетін қазақи ұғымдарға салыстырмалы талдау жасау.

Түркі халықтарына ортақ ойшыл Махмұд Қашқари XI ғасырда Қашқарда дүниеге келіп, Шу, Талас өзендері бойындағы Баласағұн қаласында ер жеткен. Махмұд ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші, ойшыл-философ, белгілі саяхатшы, шешен, құралайды көзге атқан мерген және «Түркі тілдерінің жинағы» кітабын 1072-1074 жылдары жазған. Өз заманының түркі, араб грамматикасын жасаған, оны жетік білген.

Махмұд Қашқари 1072-1074 жылдар арасында үш кітаптан тұратын «Түркі сөздерінің жинағы» деп аталатын энциклопедиялық сөздігін жазып, сол дәуірде өмір сүрген түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, географиялық қоныстанулары мен өздерінен бұрынғы тайпа, мемлекеттердің тарихи жағдайларын қаз-қалпында біздің ғасырымызға жеткізе білді. Махмұд аталмыш «Сөздігінде» арнайы тәртіппен 6800 түркі сөзін жинақтап, 101 жер-су атымен 38 тайпаға араб қарпінде анықтама-түсінік береді. Жинаққа екі және төрт жолдық 242 бәйіт, 265 мақал-мәтелді сөз арасында қолданады.

«Түркі тілдері сөздігін» Бағдад кітапханасынан алғаш тауып алып, Стамбулда бастырған Куприли-Заде Мұхамед әпенді болған. Бұл сөздіктің 1-ші томын 1914 жылы, 2-ші томын 1915 жылы, 1916 жылы, 1917 жылы жарыққа шығарды.

Еңбектің қалай жазылғандығы туралы «Маған шексіз абырой, сарқылмас-түгесілмес қайнаркөз болсын деген тілекпен осы кітапты жазып шықтым да, бір Тәңірге сиынып, оған «Диуани Лұғат ат-Түрік» деп ат қойдым. Қасиетті Пайғамбардың мақамында отырған, Хашими тегінен және Аббас ұрпақтары әулетінен шыққан Тәңірдің халифасы Әбул-Қасым Абдуллаһ ибн Мұхаммед әл-Муктәди Биәмриллаһқа сыйға тарттым» – дейді.

Махмұдтың пікірі бойынша, түркілер тәңірдің сүйікті құлы, оларды тәңірі жебеп, басқалардан артық қадірлейді деген ұстанымда болса керек.

«Түркілер арасында қызыл тілге ең шешені, ең әсерлі әңгімешісі, ең жақсы білім алған білгірі, ең текті әулеттен шыққаны және мықты найза лақтырушысы болғандықтан олар мекен еткен барлық шаһарлар мен аймақтарды аралап шықтым» – деп өз еңбегінде, өзі туралы жазады.

«Махмұд Қашқаридың «Түрік сөздігі» еңбегін Өзбекстан ғылым академиясы баспасынан 1960-63 жылдары «Түрки сөзләр Дивани» деген атпен 3 томдығы жарық көреді. Аударып баспаға дайындаған – Салих Муталлибов. Ескерткіштің индекс сөздігін әзірлеген – Гани Абдуррахманов пен Салих Муталлибов 1967 жылы 4-ші том ретінде жариялайды. 1955 жылы ағайынды Мұхаммед Пейзи мен Әхмет Зияи, 1963-66 жылдары Сайрани еңбекті қазіргі ұйғыр тіліне аударып шықса да, Шығыс Түркістандағы саяси тұрақсыздық салдарынан жарияланбайды. Ақыры 1978 жылы ұйғыр және қытай тілдеріне аударылуы жөнінде мәселе ресми күн тәртібіне қойылады.

Өзбек ғалымы Муталлибов – Орта Азия халықтарының атақты перзенті, түркология ғылымының тұңғыш ұстазы, оның негізін салушы.

«Бұл еңбекті мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Түрік тілдерінің диуаны» деген ат бердім – деп баян етеді Қашқари.

XI ғасырдың табалдырығында тұрып, зерттеуші, тілші түрік тілі мен елі туралы хәм өзі туралы осындай тұжырым айтқан. «Түрік тілдерінің диуаны» – бүкіл түрік тілдеріне ортақ Тілтану энциклопедиясы.

«Махмұд Қашқаридың «Түрік сөздігі» арқылы бізге жеткен бәйіт жырлар мен мақал-мәтелдердің дүниетанымдық, тағылымдық мәні зор. «Қарғаның кәрісін кім білер, адамның аласын кім табар». Қарға өте ұзақ жасайтын құс, сондықтан оның қанша жасағанын ешкім сыртына қарап айта алмайды. Ал, адамның да небір ойлары, қасиеттері сыртында жазылып тұрмайды, оны да сыртына қарап, ол жайында шешімді пікір айтуға болмайтындығын меңзейтін бұл мақалдың да

өзіндік дүниетанымдық мәні зор» (Түркі дүниесінің ойшылдары. 1-кітап. Астана: ТОО «Proper Print», 2013. – 508/164 бет).

«Диуани лұғат ат-түрік» түрікше-арабша түсіндірме сөздік қана емес, ол түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми жинақ. Сөздік ХІ ғасырда Қарахан заманында дүниеге келген рухани мұра және еңбекте түркі халықтарының ата-бабаларының шығу генезисі жөнінде біршама тарихи деректер келтіреді. Қашқаридың бұл еңбегі мазмұны жағынан сол замандағы түркілердің қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінің сан-алуан қабаттарынан хабар береді.

Махмұд Қашқари арабша сауат ашқан, өз заманының аса көрнекті ғалымы болған. Араб фәлсафасын жетік білген және өз білімін туған халқының тілі мен әдебиеті, тарихы, этнографиясы, географиясы жайында зерттеулер жүргізуге жұмсаған. Махмұд Қашқаридің атын әлемге әйгілі еткен шығармасы – «Диуани лұғат-ат түрік». Қашқари еңбегінің аты ғалымның өз алдына қойған мақсатымен ұштасып, содан туған.

Автор бұл еңбекке материал жинап, жүйеге келтіріп жазу үшін өз өмірінің едәуір уақытын жұмсайды. Ол өз еңбегін бір тайпа емес, бірнеше тайпа тілдерінің материалдары негізінде жазады. М.Қашқари – «Түркі тілдерінің сөздерінің сөздігін» жинап жазу үшін қаншама күш-жігер жұмсағаны жайында айтады. «Диуани ат түрік» құрылысына қарап, оны шартты түрде екі бөліп қарауға болады. Кіріспеде автор түркі тілдерінің маңызы мен мәні, сонымен байланысты еңбекті жазудағы өз мақсаты, мәселелерді әңгімелеу тәртібі, сөздерінің құрылысы, сондай-ақ түркі-тайпалары: олардың тілдік этнографиясы және т.б мәліметтер береді. Ол заманындағы философия ғылымы үшін, әсіресе түркі тілдері үшін, бұл аса байқампаздық, білімділік екенінде сөз жоқ.

«Түркі тілдері сөздерінің сөздігі» еңбегі, ең алдымен, лексикографиялық мұра есебінде көңіл аударады. Сонымен қатар, Махмұд Қашқари бұл еңбегінде түркі тілдерінің алғашқы классификациясын берді. Ол түркі тайпаларын екіге бөледі (Солтүстік және Оңтүстік). Бұл түркология тарихында алғашқы классификация еді. Бұл классификацияда Қашқари географиялық принципті

қолданады. Махмұд Қашқари өз заманының аса білімді оқымыстысы болғанын көрсетті.

Махмұд Қашқаридың айтуынша, «Түркілер – тәңірдің сүйікті құлы, оларды тәңірі жебеп, басқалардан артық қадірлейді». Түркі халқы – өзгеше қасиетті ел. Олар: шырайлы, сымбатты, сөздері ұнамды, ашық мінез, үлкендерді қадірлейтін әдепті, кішіпейіл, уәдешіл, жарқын жүзді жомарт жандар.

«Диуани лұғат ат-түрік» – қазіргі барша түркі халықтарына ортақ шығарма. Бұл сөздікте ортағасырлардағы түркі ру-тайпаларының бәріне ортақ алты мыңнан астам сөздік, мақал-мәтелдер, жер-су атаулары жинақталған. Сонымен қатар, түркі тайпаларының әдет-ғұрыптары, салт-санасы, наным-сенімдері мен дүниетанымдық ойлары мен деректер бар.

Өмірінің соңғы жылдарында қазіргі Түркістан жерінде өткізіп, түркі тайпа, руларының жылнамасын жазған. Әдебиеті, мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымы туралы мол мағлұмат жинақтағандығы көптеген әдебиеттерде айтылады. Бағдатта, Қашғар, Түркістан жерлерінде ұстаздық құрып, медреселер ашқан.

«Диуани Лұғат ат-Түрік» сөздігі бойынша зерттеуші 10 деректі келтіреді:

1. Түркі ғалымы Махмұд Қашқари 1072-1074 жылдары Бағдат қаласында жазған;
2. Түркі тілдері жөніндегі ең ауқымды ежелгі тіл жәдігері;
3. Қолжазба нұсқасы 638 беттен тұрады;
4. 9000 мыңнан аса түркі сөзінің араб тіліндегі жан-жақты түсіндірмесі топтастырылған;
5. Түркілердің тарихы, жағырапиясы, тайпалары, диалектісі, дәстүріне қатысты мәлімет берілген;
6. Түркі тайпаларының қоныстануы мен көршілес халықтардың орналасуын көрсететін дөңгелек карта бар;
7. Сөздіктің бізге келіп жеткен жалғыз жазба нұсқасын Персияның Сава қаласынан шыққан Мұхаммед ибн Әбубәкір Әбл Фатих 1266 жылы көшіріп жазды;
8. 1928 жылы шығыстанушы ғалым Карл Броккельман сөздіктің неміс тіліндегі аудармасын жариялады;

9. Түркі тіліндегі алғашқы аудармасын 1941 жылы түркітанушы ғалым Бесім Аталай жасады;
10. Қазақ тіліне 1997-1998 жылдары ғалым, ақын Асқар Егеубаев аударған.